



Сапа менеджменті жүйесі.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да
тәуекелдерді басқару саясаты

Саясат

31 б. 1

5-редакция

жылғы

Сапа менеджменті жүйесі

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің
тәуекелдерді басқару саясаты

_____ дана

Осы құжат құпия құжат және «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің меншігі болып табылады.

Құжатты «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС бас директорының немесе сапа менеджменті жүйесі бойынша басшылық өкілінің жазбаша рұқсатынсыз көбейтуге, ішінара көбейтуге тыйым салынады.

Өзірледі: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің тәуекелдерді басқару бөлімінің бастығы Т. Анафина  (қолы) «20» 12 2018 жыл	Тексерді: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің сапа менеджменті жүйесі бойынша басшылық өкілі Б. Ахметғалиев  (қолы) «20» 12 2018 жыл	Бекітілді: «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің Байқау Кеңесімен «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің бас директоры Е. Джарлықасымов  (қолы) «20» 12 2018 жыл	жылғы № хаттама жылғы № бұйрық	Енгізу күні:
--	---	---	---	-----------------



Мазмұны

1. Мақсаты.
2. Қолданыс аясы.
3. Жауапкершілік.
4. Анықтамалар мен қысқартулар.
5. Тәуекелдерді басқару саясатының сипаттамасы.
 - 5.1. Жалпы ережелер.
 - 5.2. Тәуекел-менеджмент саясаты.
 - 5.3. Ішкі орта.
 - 5.4. Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу процесі: тәуекел-тәбетті есептеу.
 - 5.5. Тәуекелдерді сәйкестендіру.
 - 5.6. Тәуекелдерді бағалау.
 - 5.7. Тәуекелдерді басқару.
 - 5.8. Бақылау әрекеттері.
 - 5.9. Ақпарат және коммуникация.
 - 5.10. Тәуекелдерді басқару жүйесі тиімділігінің мониторингі
6. Нормативтік сілтемелер.
7. Өзгертулер.
8. Қосымшалар.



1. Мақсаты

1.1. Тәуекелдерді басқару саясатының мақсаты – «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да (бұдан әрі мәтін бойынша – Серіктестік) пайда алу және шығындарды болдырмау мақсатында мүмкіндіктерді барынша пайдалану арасындағы теңгерімге қол жеткізу.

Серіктестіктің сапа менеджменті жүйесінің элементі ретінде тиімді кешенді жүйені құру және тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру.

1.2. Тәуекелдерді басқару саясатының негізгі бағыттары қажетті инфрақұрылым мен мәдениетті орнату және дамыту, Серіктестіктің барлық қызмет бағыттарына, функцияларына немесе процестеріне тән тәуекелдерді сәйкестендіру, талдау және бағалау, мониторингілеу, бақылау және басқарудың логикалық және жүйелі әдістерін қолдану болып табылады.

2. Қолданыс аясы

Осы Тәуекелдерді басқарудың саясаты Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің қолдануы үшін міндетті болып табылады.

3. Жауапкершілік

3.1. Тәуекелдерді басқару бөлімінің бастығы осы Саясатты әзірлеуге жауапты болады.

3.2. Құрылымдық бөлімшелердің басшылары, тәуекелдердің иелері Тәуекелдер жөніндегі есепті, тәуекелдер тіркелімін, негізгі тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарын қалыптастыру үшін пайдаланылатын уақтылы, дұрыс, толық және дәлме-дәл ақпаратты ұсынуға, сондай-ақ осы Саясаттың талаптарын сақтауға жауапты болады.

3.3. Тәуекелдерді басқару саясаты талаптарының сақталуын бақылауды бас директордың корпоративтік даму жөнінен орынбасары жүзеге асырады.

4. Анықтамалар мен қысқартулар

4.1. Анықтамалар

Сыртқы тәуекел факторлары – Серіктестіктің операциялық қызметінен тыс туындайтын және Серіктестіктің қызметіне тәуелді емес тәуекел факторлары.

Ішкі тәуекел факторлары – Серіктестіктің ішкі процестерімен, ұйымдық құрылымымен, адами ресурстарымен, активтерімен байланысты және Серіктестіктің операциялық қызметі аясында туындайтын тәуекел факторлары.

Сыртқы тұлғалар – Серіктестіктің қызметкерлері болып табылмайтын тұлғалар.



Тәуекелдерді сәйкестендіру – Серіктестіктің тәуекелдердің басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің әсеріне ұшырағыштығын айқындау.

Негізгі тәуекелдер – тәуекелдер картасының қызыл және қызғылт сары аймағына аймағына түсетін тәуекелдер.

Негізгі тәуекел көрсеткіші (НТК) – қызметтің әр түрлі салаларындағы тәуекел факторларының өзгеруінің алғашқы белгілерін ұсынатын алғашқы индикаторлар. НТК ықтимал тәуекелдерді анықтауға және тәуекелді оқиғалардың басталуын болдырмау немесе олардың Серіктестік қызметіне әсерін барынша азайту үшін алдын ала шараларды қабылдауға мүмкіндік береді.

Тәуекелдерді басқару шеңберіндегі кросс-функционалдық өзара іс-қимыл – әр түрлі функциялардағы (бизнес-процестердегі) бар ақпараттың негізінде бірлесіп қабылданатын, алқалы шешімдерде негізделетін, функцияаралық (процессаралық) тәуекелдерді (бірнеше функциялардың (бизнес-процестердің) мақсаттарына әсер ететін тәуекелдерді) басқару процесі.

Леверидж – қарыз капиталының меншікті капиталға қатынасы.

Тәуекелдерді басқару бөлімі – Серіктестіктің тәуекелдерді басқару мәселелері жөніндегі жауапты құрылымдық бөлімшесі.

Тәуекел – өзін іске асырған жағдайда Серіктестіктің өзінің ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді мақсаттарына қол жеткізуіне елеулі теріс әсер етуі мүмкін болашақтағы әлеуетті оқиға (немесе түрлі жағдайлардың тоғысуы).

Тәуекел-менеджер – тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшенің қызметкері.

Тәуекел-тәбеті – Серіктестік өз мақсаттарына қол жеткізу процесінде өзі үшін қолайлы деп санайтын тәуекел дәрежесі. Серіктестік өзінің тәуекел-тәбеті шегінде тәуекелдерге тәбеттің қолайлы шектерін айқындайды (мысалы, бір жобаға инвестициялардың лимиттері, қарыз алу лимиттері және т.б.).

Тәуекел-төзімділік – нақты мақсатқа қол жеткізуге қатысты ауытқудың қолайлы деңгейі. Тәуекел-төзімділік тиімді мониторинг жүргізуге және тәуекел-тәбеттің деңгейін арттыруға жол бермеуге мүмкіндік береді.

Тәуекелдің меншік иесі/тәуекел иесі – белгілі бір тәуекелді басқарудың барлық аспектілеріне, атап айтқанда тәуекелді іске асыру ықтималдығын азайтуға



және/немесе Серіктестікке тәуекелді іске асыру салдарының ықтимал әсерін азайтуға жауапты тұлға (қызметкер/құрылымдық бөлімше/алқалы орган).

Оқиға – Серіктестікке қатысты ішкі немесе сыртқы көзі бар, қойылған мақсаттарға қол жеткізуге ықпал ететін оқиға немесе жағдай.

Тәуекел факторы (тәуекел-факторы) – тәуекелдің іске асырылуына әкеп соқтыратын тәуекелдің себептері байқалатын шарттар, жай-күй, жағдайлар.

COSO – Тредвей комиссиясының Демеушілік ұйымдар комитеті (The Committee of Sponsoring Organizations of the Treadway Commission).

4.2. Қысқартулар

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС – «АлматыЭнергоСбыт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

БК – Байқау Кеңесі.

БД – бас директор.

ТББ – тәуекелдерді басқару бөлімі.

Қоғам – «Самұрық-Энерго» АҚ.

ҚНҚ – қызметтің негізгі көрсеткіші.

5. Тәуекелдерді басқару саясатының сипаттамасы

5.1. Жалпы ережелер

Тәуекелдерді басқару саясаты (әрі қарай мәтін бойынша – Саясат) «Самұрық-Қазына» АҚ тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дамыту тұжырымдамасына және Серіктестіктің қызметін реттейтін нормативтік құқықтық актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

5.2. Тәуекел-менеджмент саясаты

5.2.1. Саясаттың негізгі мақсаттары:

1) тиімді кешенді жүйе құру және Серіктестіктің басқару элементі ретінде тәуекелдерді басқарудың интеграцияланған процесін құру, сондай-ақ тәуекелдерді басқару әдістері мен рәсімдеріне «Самұрық-Энерго» АҚ-мен бірыңғай стандартталған тәсіл негізінде қызметті үнемі жетілдіру;

2) Серіктестіктің өз қызметінің ауқымына дәлме-дәл қолайлы тәуекелдерді қабылдауын қамтамасыз ету;


3) тәуекел-тәбетті анықтау және қабылданған тәуекелдерді тиімді басқаруды қамтамасыз ету болып табылады.



5.2.2. Саясат келесі міндеттерді жүзеге асыруға бағытталған:

- 1) шешім қабылдау және жоспарлау процесі үшін толыққанды база құру;
- 2) қойылған мақсаттарға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін уақтылы сәйкестендіруге, бағалауға, талдауға, мониторингке, бақылауға негізделген тәуекелдерді басқарудың үздіксіз келісілген процесін қамтамасыз ету;
- 3) әлеуетті жағымсыз оқиғалардың алдын алуға және азайтуға мүмкіндік беретін басқару жүйесін енгізу және жетілдіру;
- 4) ресурстарды пайдалану және бөлу тиімділігін арттыру;
- 5) шығындар мен залалдарды болдырмау, Серіктестік қызметінің тиімділігін арттыру, Серіктестік активтері мен меншікті капиталын қорғау;
- 6) бизнес-процестердің тиімділігін, ішкі және сыртқы есептіліктің дұрыстығын қамтамасыз ету және заңды нормалардың сақталуына жәрдемдесу.

5.2.3. Серіктестіктегі тәуекелдерді басқару корпоративтік Тұжырымдамада ұсынылған және 1-суреттегі схемаға сәйкес құрауыштардан тұратын тұрақты, серпінді және үздіксіз процесс болып табылады.



1-сурет – Тәуекелдерді басқару процесі

5.3. Ішкі орта

5.3.1. Ішкі орта Серіктестіктің тәуекелдерге жалпы қатынасын және оның қызметкерлерінің тәуекелдерді қалай қарастыратындығын және оларға қалай ықпал ететіндігін анықтайды. Ішкі орта тәуекелдерді басқару жүйесінің барлық басқа компоненттері үшін негіз болып табылады, оған тәуекел-менеджмент философиясы, тәуекелдерге тәбет, басқару органының тарапынан бақылау, этикалық құндылықтар, қызметкерлердің құзыреті мен жауапкершілігі, Серіктестік құрылымы, оның адами, қаржылық және басқа ресурстармен анықталған мүмкіндіктері кіреді.

5.3.2. Серіктестіктің сыртқы ортамен қарым-қатынасы (бизнес құрылымдар, әлеуметтік, реттеуші, басқа да мемлекеттік және қаржылық ұйымдар) ішкі ортада



көрініс табады және оның қалыптасуына әсер етеді. Серіктестіктің сыртқы ортасы құрылымы жағынан күрделі болып табылады және бір-бірімен өзара байланысты түрлі салаларды қамтиды және жүйелік тәуекелдердің туындауы үшін жағдай жасайды.

5.3.3. Серіктестіктің қызметі қызметкерлердің тәуекелдерді түсінуін арттыратын және олардың тәуекелдерді басқару үшін жауапкершілікті арттыратын ішкі ортаны құруға бағытталған. Ішкі орта Серіктестік қызметінің мынадай қағидаларын қолдауы тиіс:

1) шешім қабылдау кезінде тәуекелдердің барлық нысандарын сәйкестендіру және қарау және Серіктестік басшылығының тәуекелдердің кешенді пайымын қолдауы;

2) жалпы Серіктестіктің мақсаттарына ең жақсы түрде жауап беретін тәуекел бейінін Серіктестік деңгейінде құру және бағалау;

3) басқару иерархиясының тиісті деңгейлерінде (Серіктестік, құрылымдық бөлімшелер және т.б.) тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару үшін меншік пен жауапкершілік сезімін қолдау. Бұл ретте тәуекел-менеджмент жауапкершілікті басқаларға ауыстыруды білдірмейді;

4) ішкі саясаттың, Серіктестік рәсімдерінің, корпоративтік басқару жүйесінің сәйкестігін қадағалау;

5) маңызды (күрделі) тәуекелдер және тәуекелдерді басқару жүйесінің кемшіліктері туралы уақтылы ақпарат;

6) Тәуекелдерді басқару саясаты мен рәсімдері міндетті болып табылатындығын түсіну.

5.3.4. Серіктестіктің тәуекелдерді басқару процесінің негізгі қағидалары:

тұтастық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесі бөлінісінде Серіктестік тобының жиынтық тәуекел элементтерін қарау;

ашықтық – тәуекелдерді басқарудың корпоративтік жүйесін дербес немесе оқшауланған ретінде қарастыруға тыйым салу;

құрылымдық – тәуекелдерді басқарудың кешенді жүйесі нақты құрылымға ие;

ақпараттылық – тәуекелдерді басқару объективті, шынайы және өзекті ақпараттың болуымен сүйемелденеді;

үздіксіздік – тәуекелдерді басқару процесі тұрақты негізде жүзеге асырылады;

циклділік – тәуекелдерді басқару процесі оның негізгі компоненттерінің үнемі қайталанатын, құрылған циклі болып табылады.

5.3.5. Серіктестіктің органдары мен бөлімшелерін тарта отырып, тәуекелдерді бірнеше деңгейде басқару жүйесінің құрылымы 1-қосымшада берілген.

5.3.6. Бірінші деңгей Серіктестіктің Байқау Кеңесімен (БК) ұсынылған. БК тәуекелдерді басқару жүйесін қадағалауда басты рөл атқарады. БК тәуекелдерді басқару және тәуекел-тәбет саласындағы құжаттарды бекітеді. Серіктестіктің БК тұрақты негізде негізгі тәуекелдерді, осы негізгі тәуекелдерді басқаруды бағалауды және тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шараларды қарастырады.

Серіктестіктің БК тәуекелдерді басқару саласында келесі функцияларды жүзеге асырады:



- 1) Серіктестіктің мақсаттарын (қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді) қою;
 - 2) Серіктестіктің Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту;
 - 3) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару ережелері мен рәсімдерін бекіту;
 - 4) осы Тәуекелдерді басқару саясатын бекіту арқылы Серіктестіктің тәуекелдерді басқару құрылымын бекіту;
 - 5) Тәуекелдер тіркелімін, Тәуекелдер картасын және қауіпті тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіту;
 - 6) тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын бекіту;
 - 7) негізгі тәуекел көрсеткіштерін бекіту;
 - 8) тәуекелді басқару жүйесінің тиімділік көрсеткіштерін бекіту және Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігін жыл сайынғы бағалау;
 - 9) Серіктестіктің тәуекел-тәбетін бекіту;
 - 10) лимиттерді бекіту;
 - 11) тәуекелдерге Серіктестіктің тәуекел-тәбетінің және әрбір негізгі тәуекелге тәуекел-тәбетінің жалпы деңгейін бекіту;
 - 12) Қоғамның ішкі аудит қызметінің ішкі бақылауды және тәуекелдерді басқаруды жақсарту жөнінде жүргізілген тексерулердің нәтижелері бойынша қорытындыларын талдау;
 - 13) СКДБ (ИКДБ) бастығының Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін сипаттай және талдай отырып, есептерін, сондай-ақ Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру жөніндегі мәліметтерді тоқсан сайын қарау және бекіту;
 - 14) Серіктестіктің қаржылық көрсеткіштеріне талдау және бағалау жүргізу мүмкіндігін қамтамасыз ететін қаржылық және басқарушылық есептілікті Серіктестіктің БК-ға ұсыну нысандары мен мерзімдерін айқындау.
- 5.3.7. Екінші деңгей корпоративтік саясаттардың орындалуын және сақталуын қамтамасыз ету үшін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыруға және тәуекелдерді бақылау құрылымын жасауға жауапты Серіктестіктің БД ұсынады. Серіктестіктің БД Серіктестіктің тәуекел-менеджмент саясатын және философиясын көрсететін «тәуекелдерді түсіну» мәдениетін құруға жауапты болады. Сонымен қатар, Серіктестіктің БД тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін құруға жауап береді, онда қызметкерлер тәуекелдерді басқару бойынша нақты міндеттерге ие және өз міндеттерін орындауға жауапты болады.
- 5.3.8. Серіктестіктің БД келесі функцияларды жүзеге асыру арқылы тәуекелдерді басқару жүйесінің тұтастығы мен функционалдығын қамтамасыз етеді:
- 1) Серіктестіктің Тәуекелдерді басқару тұжырымдамасы мен Саясатын іске асыру;
 - 2) әлеуетті тәуекелдерді сәйкестендіруге және бағалауға мүмкіндік беретін тәуекелдерді басқарудың тиімді жүйесін ұйымдастыру;
 - 3) Серіктестіктің БК-ға және «Самұрық-Энерго» АҚ-ға бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес есептер ұсыну;
 - 4) Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің осы Саясат ережелерін сақтауын қамтамасыз ету;



- 5) қажеттіліктерге жауап беретін және дәлме-дәл бақылау мен тәуекелдерді төмендетуді қамтамасыз ететін Серіктестіктің ұйымдық құрылымын бекіту;
 - 6) Серіктестіктегі тәуекелдерді басқару жөніндегі есептерді қарау және өз құзыреті шеңберінде тиісті шаралар қабылдау;
 - 7) негізгі тәуекелдерді және оларды басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін қарастыру;
 - 8) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін тәуекел-тәбетті, әрбір тәуекел бойынша төзімділік деңгейін және лимиттерді келісу;
 - 9) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін негізгі тәуекел көрсеткіштерді келісу;
 - 10) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін саясаттарды, рәсімдерді және тәуекелдерді басқару құрылымын дамыту бойынша тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің ұсыныстарын қарастыру;
 - 11) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын келісу;
 - 12) Серіктестікте тәуекелдерді басқару бойынша әрекет ету іс-шаралары мен әдістемелерін бекіту;
 - 13) тәуекелдерді басқару саласындағы ішкі рәсімдер мен регламенттерді жетілдіру.
- 5.3.9. Тәуекелдерді басқаруды тиімді ұйымдастыру мақсатында Серіктестіктің БД жанынан тәуекелдер бойынша алқалы-кеңесші орган (бұдан әрі – АКО) құрылды, оған мынадай функциялар мен өкілеттіктер жүктелген:
- 1) Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін және тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың тиімділігін қарастыру;
 - 2) тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде Серіктестіктің ішкі құжаттарының жобаларын қарау және алдын ала мақұлдау;
 - 3) тәуекелдерді басқару жүйесін енгізу және жетілдіру бойынша іс-шараларды іске асыру бойынша жоспарлардың/бағдарламалардың орындалуын әзірлеуге және мониторингілеуге қатысу;
 - 4) жүргізілген тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау нәтижелері бойынша құрылымдық бөлімшелер ұсынған тәуекелдерді басқару әдістерін айқындау;
 - 5) жүргізілген тәуекелдерді сәйкестендіру, бағалау, сондай-ақ оларды басқару әдістерінің нәтижелері бойынша Серіктестік БК-нің ұсыныстарын қарастыру және дайындау;
 - 6) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін тәуекелдерді басқару жөніндегі бөлімшенің саясаттарды, рәсімдерді және тәуекелдерді басқару құрылымын дамыту жөніндегі ұсыныстарын қарастыру;
 - 7) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін негізгі тәуекел көрсеткіштерін келісу;
 - 8) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін тәуекел-тәбетті, әрбір тәуекел бойынша төзімділік деңгейін және лимиттерді келісу;
 - 9) Серіктестік БК-нің бекітуіне шығару үшін Тәуекелдер тіркелімін, Тәуекелдер картасын, тәуекелдер мен бақылаулардың матрицасын келісу;



10) тәуекелдер бойынша алқалы-кеңесші органның қызметін реттейтін ішкі құжаттарға сәйкес басқа да функциялар.

5.3.10. Тәуекелдерді басқару процесінде үшінші деңгей ТББ болып табылады, оның негізгі функциялары:

- 1) саясаттарды, рәсімдерді және тәуекелдерді басқару құрылымын дамыту бойынша ұсынымдар дайындау;
- 2) Серіктестіктің тәуекелдерінің мониторингісі бойынша рәсімдерді әзірлеу;
- 3) тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеуі мәселелері бойынша Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелеріне қолдау көрсетуді қамтамасыз ету;
- 4) Серіктестіктің тәуекелдеріне айтарлықтай әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды бақылау;
- 5) Серіктестік БК-ға тоқсан сайынғы есептерді ұсыну және Серіктестіктің тәуекелдерін сипаттайтын және талдайтын ақпаратты, сондай-ақ Серіктестіктің тәуекелдерін азайту жөніндегі жоспарлар мен бағдарламалардың іске асырылуы туралы мәліметтерді ұсыну үшін кемінде екі кездесу өткізу;
- 6) Серіктестіктің тәуекелдерді басқару жүйесінің нормативтік және әдістемелік базасын әзірлеу және жетілдіру;
- 7) Серіктестіктің негізгі тәуекелдерін басқару бойынша лимиттер мен саясаттардың сақталуына мониторингті жүзеге асыру;
- 8) Серіктестіктің анықталған және пайда болған тәуекелдерін сәйкестендіру және бағалау мәселелерін талқылау үшін Серіктестіктің тәуекелдер иелерімен тоқсан сайынғы кездесулер өткізу;
- 9) тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын және тәуекелдер мен бақылаулар матрицасын дайындау процесін үйлестіру, кездесулер өткізуді қамтамасыз ету, талқылау, деректерді жинақтау және материалдар жобаларын тәуекелдер бойынша АКО-ға келісуге ұсыну;
- 10) тәуекелдерді азайту бойынша жоспарлар мен бағдарламаларды іске асыру мониторингісін жүзеге асыру;
- 11) іске асырылған тәуекелдердің дерекқорын жүргізу, тәуекелдерге елеулі әсер етуі мүмкін сыртқы факторларды қадағалау;
- 12) әдістемелік базаны, саясаттарды, тәуекелдерді басқару жөніндегі қағидаларды, тәуекелдер мониторингі жөніндегі рәсімдерді әзірлеу, енгізу және жаңарту (қажет болған кезде);
- 13) тәуекелдің пайда болуының ықтимал жағдайларын, тәуекелдің күшеюін куәландыратын нақты немесе әлеуетті, теріс тенденцияларды анықтау, тәуекелді тудырған факторларды талдау және болжамды шығын ауқымын бағалау;
- 14) тәуекелдер бойынша ақпаратты ашу және талдаудың жеткіліктілігі бөлігінде Серіктестіктің инвестициялық жобаларын келісу;
- 15) ішкі аудит жоспарын қалыптастыру, ақпарат алмасу, аудиторлық тексерулер нәтижелерін талқылау бөлігінде Қоғамның ІАҚ-мен өзара іс-қимыл жасау;
- 16) сондай-ақ Серіктестік қызметінің ерекшелігіне жауап беретін басқа да функциялар.



5.3.11. ТББ қызметкерлерінің өкілеттігі және ұсынылатын есептілікке қойылатын талаптар осы Саясатта, ТББ туралы ережеде және ТББ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарында көзделген.

5.3.12. ТББ қызметкерлері тәуекелдерді басқару жүйесінің мақсаттары мен міндеттерін тиімді жүзеге асыру үшін Серіктестіктің басқа құрылымдық бөлімшелерімен, сондай-ақ Қоғамның ішкі аудит қызметімен өзара әрекет етуі тиіс.

5.3.13. ТББ қызметкерлері осы Саясатта және осы қызметкерлердің лауазымдық нұсқаулықтарында көрсетілген қызметтік міндеттерін орындау үшін қажетті ақпаратқа, Серіктестік құжаттарына қол жеткізе алуы тиіс.

5.3.14. Қоғамның Ішкі аудит қызметі Серіктестіктің тәуекелдерін басқару процесінде мынадай негізгі функцияларды жүзеге асырады:

1) тәуекелдерді басқару рәсімдерінің және тәуекелдерді бағалау әдістемесінің аудиті, сондай-ақ тәуекелдерді басқару рәсімдерінің тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар әзірлеу;

2) Серіктестіктің БК үшін тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігі жөнінде ұсынылған есептер бойынша талдау;

3) бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес өзге де функциялар.

5.3.15. Әрбір қызметкер тұлғасындағы Серіктестіктің **құрылымдық бөлімшелері** тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымындағы маңызды элементтердің бірі болып табылады.

Құрылымдық бөлімшелер (тәуекел иелері) тәуекелдерді басқару процесінде олардың негізгі рөл атқаратынын түсінуі тиіс. Серіктестіктің қызметкерлері күн сайын тәуекелдермен жұмыс істейді, оларды басқарады және өздерінің функционалдық міндеттері саласында олардың әлеуетті әсеріне мониторинг жүргізеді.

Құрылымдық бөлімшелер тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалуына жауапты, өз қызметі саласындағы елеулі тәуекелдерді уақтылы анықтап, тәуекел-менеджерлерді олар туралы хабардар етуге және іс-шаралар жоспарына енгізу үшін тәуекелдерді басқару жөнінде ұсыныстар беруге тиіс.

5.3.16. Тәуекелдерді басқару процесіндегі Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелерінің негізгі функциялары:

1) тәуекелдерді тұрақты негізде сәйкестендіру және бағалау;

2) тәуекелдерді басқару әдістері мен тәсілдері бойынша ұсыныстар қалыптастыру;

3) тәуекелдерді азайту жөніндегі ағымдағы іс-шаралардың тиімділігін бағалау негізінде немесе ағымдағы іс-шаралар болмаған жағдайда, оларды іске асырудың негізгі кезеңдерін және жауапты тұлғаларды (тәуекелдер иелерін) нақты көрсете отырып, тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу;

4) Тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларының мазмұнын жауапты тұлғалардың (іс-шаралар иелерінің) және өзге де мүдделі тараптардың назарына уақтылы жеткізу;



- 5) тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарларын орындау бойынша жұмыстарды ұйымдастыру және осы іс-шаралардың орындалуын бақылау;
- 6) тәуекел іске асырылған жағдайда-тәуекел оқиғасына кейіннен әсер етудің тиісті жоспарын орындау процесін басқару;
- 7) тәуекелдерді бағалаудың алдыңғы нәтижелерінің әлеуетті өзгеруіне әкелуі мүмкін сыртқы және/немесе ішкі факторларды бақылауды жүзеге асыру, ТББ бөліміне тиісті ақпаратты беру;
- 8) іске асырылған тәуекелдер бойынша ақпаратты ТББ-ға дереу беру;
- 9) ТББ-ға оның қарауындағы тәуекелдерді азайту жөніндегі іс-шаралар жоспарының орындалу барысы мен нәтижелері туралы мерзімді есептілікті ұсыну;
- 10) олардың құзыреті аясында әдістемелік және нормативтік құжаттаманы әзірлеуге қатысу;
- 11) тәуекелдерге ден қою бойынша бекітілген іс-шараларды іске асыру;
- 12) тәуекел-коммуникацияны дамыту процесіне жәрдемдесу.

5.3.17. Серіктестіктегі тәуекелдерді басқару құрылымы ақпараттың тігінен және көлденеңінен дәлме-дәл ағынын қамтамасыз етеді.

Бұл ретте төменнен жоғары келіп түсетін ақпаратты Серіктестіктің БК және Серіктестіктің БД: ағымдағы қызмет туралы; қызмет барысында қабылданған тәуекелдер, оларды бағалау, бақылау, ден қою әдістері және оларды басқару деңгейі туралы мәліметтермен қамтамасыз етеді. Жоғарыдан төменге жіберілетін ақпарат ішкі құжаттарды, регламенттер мен тапсырмаларды бекіту арқылы мақсаттарды, стратегияларды және қойылған міндеттерді жеткізуді қамтамасыз етеді.

Ақпаратты көлденеңінен беру Серіктестік ішіндегі құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын және Қоғам тобы ішіндегі тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшелердің өзара іс-қимылын білдіреді.

5.4. Тәуекелдерді басқару жүйесінің жұмыс істеу процесі: тәуекел-тәбетті есептеу

5.4.1. Стратегиялық мақсаттар (стратегиялық даму бағыттары) айқындалғаннан кейін Серіктестік алға қойылған мақсаттарға қол жеткізуіне кедергі келтіруі мүмкін тәуекелдерді сәйкестендіреді. Серіктестік сонымен қатар тәуекелге тәбетті – қойылған мақсаттарға қол жеткізуде Серіктестік үшін қолайлы тәуекел мөлшері анықтайды.

5.4.2. Серіктестік стратегиялық мақсаттардың (қызметтің стратегиялық бағыттарының) әрқайсысы үшін тәуекел-тәбетті айқындайды.

5.4.3. Тәуекел-тәбеті Серіктестік қабылдауға дайын сыни тәуекелдер деңгейінің жоғарғы шегін анықтайды. Ол сонымен қатар ресурстарды бөлуге, процестерді ұйымдастыруға және ұйым ішінде тәуекелдерді тиімді мониторингілеу және ықпал ету үшін қажетті инфрақұрылымды құруға әсер етеді.

5.4.4. Серіктестіктің БК жоспарлы кезеңге Серіктестіктің тәуекел-тәбетін (2-қосымшаның нысаны бойынша тәуекел-тәбет туралы өтініш) бекітеді және ол мынадай сипаттамаларға ие болады:



- 1) мақсаттарды, бизнес-жоспарларды, қаржылық шектеулерді және мүдделі тараптардың үміттерін қоса алғанда, Серіктестіктің стратегиясын көрсетеді;
- 2) қызметтің барлық негізгі аспектілерін (бағыттарын) қамтиды;
- 3) тәуекелді қабылдауға деген ықылас пен мүмкіндікті ескереді;
- 4) Серіктестіктің тәуекелге қатынасын анықтайды;
- 5) сала мен нарықтық жағдайларды ескере отырып, мерзімді түрде қайта қаралады;
- 6) тәуекелдің өзін тиімді бақылауды қажет етеді;
- 7) сандық және сапалық көрсеткіштерді қамтиды.

5.4.5. Тәуекелдің сандық тәуекел-тәбетін есептеу кезінде Серіктестік есептеулерде консерватизм қағидасын ұстанады және кездейсоқ ауытқуларды азайтуға мүмкіндік беретін кезең үшін орташа өлшенген көрсеткіштерді есептеу үшін өткен жылдардағы қаржылық көрсеткіштерді пайдаланады. Содан кейін орташа өлшенген көрсеткіштер шекті көрсеткіштерге көбейтіледі.

5.4.6. Сандық тәуекел-тәбеттің есебін ТББ жүргізеді және Серіктестіктің БД-нің бекітуіне ұсынылады.

5.4.7. Сандық тәуекел-тәбетін есептеу кезінде қаржылық тұрақтылық қағидаларын бұзбайтын тәуекелге тәбеттің деңгейі анықталады. Осылайша, қарыз жүктемесі неғұрлым жоғары болса, тәуекел-тәбеті соғұрлым төмен болады. Мұндай тәсіл тәуекелдерден шығындар болған жағдайда шығындарды ақшалай өтеу үшін өтімділік қорын қамтамасыз етеді.

5.4.8. Серіктестік үшін сандық тәуекел-тәбетін есептеу K2.1 коэффициентінің негізінде («Самұрық-Қазына» АҚ борышын және қаржылық тұрақтылығын басқару саясатына сәйкес) жүргізіледі, оның Серіктестік үшін нысаналы мәнін Қоғамның Директорлар кеңесі бекітеді немесе тартылған қарыз алу бойынша кредиторлар белгілеген ковенанттар негізінде жүргізіледі. Бұл ретте белгіленген шектеулердің ішінен неғұрлым қатаң көрсеткіш пайдаланылады.

5.4.9. Серіктестіктің теріс кірістілігі болжанып отырған және қаралып отырған кезеңде ұзақ мерзімді міндеттемелер болмаған жағдайда тәуекел-тәбет жоспарланған шығындардың 40%-ға дейін ұлғаяу деңгейінде белгіленеді.

5.4.10. Бақылау тәуекелдерді анықтау мен бағалау процесін жалпы бақылау шеңберінде жүзеге асырылады және Қоғам ІАҚ-мен қамтамасыз етіледі.

5.4.11. Серіктестіктің тәуекел-тәбеті бойынша барлық нәтижелер мен ұсыныстар мүдделі құрылымдық бөлімшелермен, оның ішінде стратегия, жоспарлау және қаржыландыру үшін жауапты бөлімшелермен келісілуге тиіс.

5.4.12. Алынған тәуекел-тәбеттің көрсеткіші тәуекелдерді басқарудың одан әрі шешімдерін қабылдау үшін негіз болып табылады.

5.4.13. Серіктестік өз теңгеріміне бюджеттен тыс шығындарды қабылдау есебінен тәуекел-тәбетті қамтамасыз етеді (яғни шығындарды олар орын алуына қарай ағымдағы ақша ағындары немесе меншікті капитал есебінен қаржыландыру).

5.4.14. Тиімді мониторингті жүзеге асыру және тәуекел-тәбеттің асып кетуіне жол бермеу мақсатында тәуекел-төзімділік қолданылады. Тәуекел-төзімділік ұқсас мақсаттар сияқты бірліктермен өлшенеді.

5.4.15. Серіктестік БД-ның шешімімен негізгі екі тәсіл негізінде негізгі



тәуекелдерге төзімділік деңгейлері бекітіледі:

1. Объективті тәсіл. Заңдардың, мемлекеттік қадағалау органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің, ішкі құжаттардың талаптарын ескереді. Кейбір жағдайларда негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейлері реттеуші құжаттарға, сондай-ақ мемлекеттік қадағалау органдарының нормативтік құжаттарына сәйкес белгіленеді. Қадағалау органдары тарапынан талаптар өзгерген кезде тиісті шекті деңгей қайта қаралуға тиіс.

2. Субъективті тәсіл. Негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейі сарапшылар-құрылымдық бөлімшелердің басшылары арасында сұрақ қою немесе сауалнама жүргізу арқылы анықталады. Бұл тәсілде сарапшылар бар тәжірибе мен білім негізінде негізгі тәуекелге төзімділік деңгейі болып табылатын шекті деңгейді анықтайды.

5.4.16. ҚНК-ға төзімділік, ҚНК-дан шекті жол берілетін ауытқу Даму жоспарларында (факторлар мен тәуекелдер кестесіндегі «ҚНК шекті мәні – тәуекелге төзімділік» бағанында) ҚНК иелерімен көрсетіледі.

5.4.17. Негізгі тәуекелдерге төзімділік деңгейлері шегіндегі қызмет басшылыққа тәуекел-тәбеттің артпайтынына сенімділіктің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді. Бұл, өз кезегінде, Қоғамға мақсаттарға жетуге деген сенімділіктің жоғары дәрежесін береді.

5.4.18. Тәуекел-төзімділік бекітілгеннен кейін тәуекел-төзімділік деңгейлеріне мониторинг жүргізіледі. Тәуекел-төзімділік деңгейлері жаңа тәуекелдер туындаған/анықталған жағдайда немесе тәуекелдік оқиғалар басталған кезде қайта қаралады. ТББ тоқсан сайынғы негізде мынадай тәртіпке сәйкес негізгі тәуекелдерге тәуекел-төзімділік деңгейлерінің сақталуына мониторинг жүргізеді:

1) тәуекелдерге төзімділік деңгейінің жоспарлы көрсеткіштерден ауытқуының нақты нәтижелері салыстырылады;

2) ауытқу жағдайында, ТББ мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп себептерін анықтайды және әсерін төмендету бойынша қосымша шаралар қабылдайды, соның нәтижесінде әрбір тәуекелге белгіленген жоспарлы дәлз шеңберінде төзімділік деңгейлерінің нақты көрсеткіштері теңестіріледі немесе оны қайта қарайды.

5.5. Тәуекелдерді сәйкестендіру

5.5.1. Серіктестік әлеуетті оқиғаларды Серіктестіктің қызметіне әсер етуі мүмкін Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелеріне сәйкес сәйкестендіреді және олардың не мүмкіндіктер немесе тәуекелдер екенін анықтайды. Оқиғаларды сәйкестендіру кезінде ұйым ауқымында тәуекелдер мен мүмкіндіктер тудыруы мүмкін әр түрлі ішкі және сыртқы факторлар қарастырылады.

5.5.2. Тәуекелдерді сәйкестендіру – бұл Серіктестіктің басталуы жоспарланған мақсаттарға қол жеткізу және қойылған міндеттерді іске асыру қабілетіне теріс әсер етуі мүмкін тәуекелдердің әсеріне ұшырауын анықтау. Тәуекелдерді сәйкестендіру рәсімінің мақсаты тәуекелдерді анықтау және оларды



Тәуекелдер тіркеліміне енгізу болып табылады.

5.5.3. Серіктестік тәуекелдердің максималды спектрін анықтау, айналадағы тәуекелдер туралы хабардар болуды арттыру және ұйымның тәуекел-мәдениетін дамытуды ынталандыру мақсатында барлық құрылымдық бөлімшелер қызметкерлерінің қатысуымен тәуекелдерді сәйкестендіруді тұрақты негізде жүргізеді.

5.5.4. Тәуекелдерді сәйкестендіру үшін Серіктестіктің Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелерінде толығырақ сипатталған алға қойылған мақсаттар мен міндеттер, салалық және халықаралық салыстырулар, семинарлар мен талқылаулар, сұхбат алу, болған залалдардың деректер базасы және т.б. негізінде тәуекелдерді сәйкестендіру сияқты түрлі әдістемелер мен құралдардың комбинациясы пайдаланылады.

5.5.5. Сәйкестендірілген оқиғалар мен тәуекелдер Тәуекелдер тіркелімі нысанында жүйеленеді. Серіктестіктің Тәуекелдер тіркелімі Серіктестік өз қызметінде кезіктіретін тәуекелдер тізбесінен тұрады, ол сондай-ақ тәуекелді ықтимал іске асырудың әр түрлі сценарийлерін қамтиды. Әрбір тәуекел бойынша тәуекелдің меншік иелері, яғни өздерінің функционалдық міндеттеріне байланысты осы тәуекелмен айналысатын бөлімшелер айқындалған. Тәуекел тіркелімін Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері жаңа тәуекелдердің анықталуына қарай тұрақты негізде толықтырады.

5.5.6. Сәйкестендірілген тәуекелдерді жүйелеу:

1) тәуекелдер бейінін (бизнес-процестер, құрылымдық бөлімшелер, жобалар және т.б. бойынша) салыстыруды жақсартуға мүмкіндік беретін тәуекелдерді жіктеуде және сандық бағалауда бірізділікке қол жеткізуге;

2) тәуекелдерді сандық бағалаудың күрделі құралдары мен технологияларын құруға арналған платформаны ұсынуға;

3) Серіктестікте тәуекелдерді келісілген басқару мен бақылау үшін мүмкіндік беруге ықпалын тигізеді.

5.5.7. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау нәтижелері Серіктестіктің БК-ға, БД-ға, сондай-ақ БД жанындағы тиісті АКО-ға негізгі тәуекелдер туралы есеп (тәуекелді басқаруға жауапты Серіктестіктің құрылымдық бөлімшесі дайындайды) түрінде ұсынады, ол сыни тәуекелдер туралы ақпаратты, сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын, қолданыстағы іс-шараларды жетілдіру жөніндегі ұсыныстарды қамтиды.

5.5.8. Тәуекелдерді жіктеу үшін келесі санаттар бойынша тәуекелдерді топтастыру қолданылады:

стратегиялық тәуекел – Серіктестіктің қызметі мен даму стратегиясын айқындау мен іске асыру кезінде саяси ортаның, өңірлік конъюнктураның, салалық құлдыраудың және жүйелі сипаттағы басқа да сыртқы факторлардың өзгеруі немесе қателері (кемшіліктері) салдарынан шығындардың туындау тәуекелі;

қаржылық тәуекелдер – Серіктестік капиталының құрылымына, кірістіліктің төмендеуіне, валюта бағамдарының ауытқуларына, несиелік тәуекелдерге, пайыздық мөлшерлемелердің ауытқуларына және т.б. байланысты



тәуекелдерді қамтиды;

құқықтық тәуекел – Серіктестіктің Қазақстан Республикасы заңнамасының, Қазақстан Республикасының бейрезиденттерімен қатынастарда – басқа мемлекеттердің заңнамасының талаптарын, сондай-ақ ішкі ережелер мен рәсімдерді сақтауы салдарынан шығындардың туындау тәуекелі;

операциялық тәуекел – қызметкерлер тарапынан (персоналдың тәуекелдерін қоса алғанда), ақпараттық жүйелер мен технологиялардың жұмыс істеуі (технологиялық тәуекелдер) тарапынан жол берілген ішкі процестерді жүзеге асыру барысындағы кемшіліктер немесе қателер салдарынан, сондай-ақ сыртқы оқиғалар салдарынан шығындардың туындау тәуекелі.

5.6. Тәуекелдерді бағалау

5.6.1. Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау неғұрлым «әлсіз» жерлерді анықтау үшін базалық саралауды жүзеге асыру жолымен қолданыстағы тәуекелдер мен олардың өлшемдері бойынша жалпы пайымды ұсынуға бағытталған. Бұл процесс негізгі тәуекелдерді басқарудың қолданылатын әдістері мен рәсімдерін бағалауға мүмкіндік береді.

5.6.2. Іске асыру ықтималдығы мен тәуекелдердің ықтимал әсерін бағалау тәуекелдер туралы түсінікті дамытуға мүмкіндік береді, белгілі бір тәуекелді басқару қажеттілігі туралы шешім қабылдау үшін қажетті ақпараттық базаны, сондай-ақ оны қысқартудың ең қолайлы және экономикалық тиімді стратегияларын ұсынады.

5.6.3. Тәуекелдерді бағалау процесі Серіктестіктің қызметіне және стратегиялық мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге теріс әсер етуі мүмкін неғұрлым маңызды (сыни) тәуекелдерді бөлу мақсатында жүргізіледі. Бұл тәуекелдер Серіктестік БК-нің қарауына шығарылуы тиіс, ол осы тәуекелдер бойынша басқару және бақылау туралы шешім қабылдауға тиіс.

5.6.4. Тәуекелдерді бағалау және талдау аясында Серіктестікте сапалық, сандық талдаулар немесе олардың комбинациясы қолданылады, олар тәуекелдерді басқару процесінің әдістемелік негізін құрайды.

5.6.5. Тәуекелдерді бағалау әрбір тәуекелдің көздері мен себептерін, оларды іске асырудағы теріс салдарларды және белгілі бір оқиғаның болу ықтималдығын қарастыруды қамтиды.

5.6.6. Бастапқыда тәуекелдерді бағалау сапалық негізде жүргізіледі, содан кейін ең маңызды тәуекелдер үшін сандық бағалау жүргізілуі мүмкін. Сандық бағалауға жатпайтын тәуекелдер, оларды модельдеу үшін сенімді статистикалық ақпарат жоқ немесе мұндай модельдерді құру шығындар тұрғысынан орынды емес болып табылатын тәуекелдер тек сапалық негізде ғана бағаланады.

Сандық бағалау нақты аналитикалық мәліметтерді алуға мүмкіндік береді және тәуекелдерді қаржыландыру әдістерін жасауда әсіресе пайдалы.

5.6.7. Барлық сәйкестендірілген және бағаланған тәуекелдер Тәуекелдер картасында көрсетіледі.



Тәуекелдер картасы – тікбұрышты кестеде орналасқан, бір «ось» бойынша тәуекелдің әсер ету күші немесе маңыздылығы, ал екінші ось бойынша оның туындау ықтималдығы немесе жиілігі көрсетілген Қоғам тәуекелдерінің шектеулі санының графикалық және мәтіндік сипаттамасы. Тәуекелдер картасында ықтималдық немесе жиілік көлденең ось бойынша, ал әсер ету күші немесе маңыздылығы тік ось бойынша көрсетіледі. Бұл жағдайда көлденең ось бойымен алға жылжу кезінде тәуекелдің ықтималдығы солдан оңға қарай артады, ал тәуекелдің әсері төменнен тік ось бойымен жоғарылайды.

Тәуекелдер картасы әрбір тәуекелдің салыстырмалы маңыздылығын бағалауға (басқа тәуекелдермен салыстырғанда), сондай-ақ сыни болып табылатын және оларды басқару жөніндегі іс-шараларды әзірлеуді талап ететін тәуекелдерді бөліп көрсетуге мүмкіндік береді.

5.6.8. Серіктестіктің тәуекелдерді кешенді түрде сәйкестендіру және бағалау СБ-СКДБ-ЕР-02-ге сәйкес жүзеге асырылады.

5.6.9. Серіктестік VAR, гөп-талдау, тарихи сылтаурату әдісі, стресс-тестілеу және т.б. сияқты әр түрлі сандық әдістерді пайдалана отырып, жекелеген тәуекелдерді бағалауды жүргізеді.

Бағалау тәртібі СБ-СКДБ-ЕР-02-мен және Серіктестіктің басқа да ішкі нормативтік құжаттарымен реттеледі.

5.7. Тәуекелдерді басқару

5.7.1. Серіктестік тәуекелге ден қою әдістерін айқындайды және Серіктестіктің тәуекел-тәбетімен келісілген сыни тәуекелдерді басқару жоспарын әзірлейді.

5.7.2. Тәуекелдерді басқару – бұл жағымсыз әсерді және шығындар ықтималдығын азайтуға немесе Серіктестік қызметінің тәуекелдеріне байланысты шығындар туындаған кезде қаржылық өтемақы алуға мүмкіндік беретін шараларды әзірлеу және іске асыру процесін білдіреді.

Процестің тиімділігін қамтамасыз ету және оны іске асыруға жұмсалатын шығындарды азайту үшін Серіктестік оның қаржылық жағдайына және мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізуге неғұрлым елеулі әсер етуі мүмкін тәуекелдерге назар аударуға тиіс.

Тәуекелдерді басқару бойынша қабылданатын шешімдер Серіктестіктің БК-мен жыл сайын каралады және бекітіледі және Серіктестіктің барлық құрылымдық бөлімшелерінің орындауы үшін міндетті болып табылады.

5.7.3. Қалдық тәуекелдің қолайлы деңгейін қамтамасыз ету мақсатында тәуекелдерге ден қою әдістерін таңдау және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарларын әзірлеу мынадай опцияларды қамтиды:

1) тәуекелдерді азайту және бақылау - тәуекелді іске асыру жағдайында алдын алу іс-шараларын пайдалану және іс-қимылдарды жоспарлау жолымен тәуекелге әсер ету, бұл ықтимал ысыраптардың деңгейін төмендету мақсатында тәуекелді іске асыру ықтималдығының дәрежесін азайту жағына қарай өзгертуді және тәуекелді іске асырудан туындайтын себептерді немесе салдарларды



өзгертуді қамтиды;

2) Серіктестік үшін оның деңгейі қолайлы екенін білдіретін тәуекелді ұстап қалу/қабылдау және Серіктестік оның көріну мүмкіндігін қабылдайды, сондай-ақ оны барынша азайту жөніндегі іс-шараларды қолданғаннан кейін қалдық тәуекелді қабылдауға да болады;

3) тәуекелдерді қаржыландыру - жауапкершілік пен міндеттемелерді бөлуге мүмкіндік беретін түрлі механизмдерді (келісім-шарттарды, сақтандыру келісімдерін, құрылымды айқындауды) пайдалануды қоса алғанда, тәуекелді басқа тарапқа беру/бөлу немесе тәуекелді ішінара беру;

4) тәуекелден кету (жалтару)/тәуекелдің пайда болу көзі болып табылатын іс-әрекетті жалғастыруға немесе қабылдауға қарсы шешім қабылдау арқылы тәуекелді болдырмау.

5.7.4. Тәуекелдерді азайту және бақылау келесілерге бағытталған шараларды білдіреді:

1) шығындардың алдын алу – белгілі бір тәуекелдің (шығынның) туындау ықтималдығын қысқарту;

2) шығындарды бақылау – тәуекел туындаған жағдайда шығын мөлшерін қысқарту;

3) әртараптандыру – тәуекелдің ықтимал әсерін азайту мақсатында тәуекелді бөлу.

5.7.5. Тәуекелдерді азайту және бақылау әдістері Серіктестікте шығындардың туындау мүмкіндігін азайтуға бағытталған рәсімдер мен процестерді енгізуді көздейді.

5.7.6. Серіктестіктің қаржылық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері Корпоративтік контрагенттерге лимиттерді белгілеу және мониторингтеу ережелеріне, Контрагент-банктерге тікелей және шартты міндеттемелер бойынша лимиттерді белгілеу ережелеріне және т.б. сәйкес қабылданатын тәуекел деңгейіне лимиттерді белгілеуді қамтиды.

5.7.7. Серіктестіктің құқықтық тәуекелдерін азайту және бақылау әдістері Серіктестіктің уәкілетті Құқықтық департаментінің заңнамалық өзгерістерге мониторинг жүргізуі болып табылады, ол мүдделі құрылымдық бөлімшелермен бірлесіп өзгерістердің Серіктестік қызметіне әсерін бағалайды және оларды қабылдау үшін қажетті шараларды әзірлейді.

Серіктестіктің ішкі рәсімдерін реттейтін немесе Серіктестіктің міндеттемелері туындайтын кез келген құжат Серіктестіктің құқықтық департаментінде міндетті сараптамадан өтуі тиіс.

5.7.8. Серіктестіктің стратегиялық тәуекелін азайту және бақылау бекітілген қысқа мерзімді және ұзақ мерзімді жоспарлар мен стратегиялардың орындалуына мониторинг жүргізу арқылы жүзеге асырылады, оның нәтижелері бойынша түзету шаралары, оның ішінде ішкі және сыртқы ортадағы өзгерістерді көрсету үшін қолданылады.

5.7.9. Серіктестіктегі операциялық тәуекелдерді азайту және бақылау белгіленген бизнес-процестерге талдау жүргізу және оларды жетілдіру бойынша тиісті іс-шаралар жоспарларын әзірлеу арқылы жүзеге асырылады.



5.7.10. Егер тәуекелдерді азайту және бақылау бойынша қолданылатын әдістер компанияның шығындарымен байланысты болса және бұл шығындар елеулі болып табылса, мынадай талдау жүргізіледі:

- 1) бұл іс-шаралар қаншалықты қажет және олар тәуекелдерді ұстап қалу және/немесе қаржыландыру (көшіру) арқылы төмендетілуі мүмкін бе;
- 2) тәуекелдерді ұстап қалу/ауыстыру құнымен салыстырғанда іс-шараларға арналған шығындардың баламалы құны қандай.

5.7.11. Тәуекелдерді ұстап қалу. Негізгі тәуекелдерді анықтау және бағалау барысында Серіктестіктің тәуекел-тәбеті есептеледі.

5.7.12. Тәуекел-тәбет Серіктестіктің ағымдағы кірістері және өткен жылдардың бөлінбеген кірісі есебінен қалыптасады және жоспарланбаған залалдарға (яғни тәуекелдердің басталуы салдарынан болған залалдар компанияның табысын тікелей азайтады) тікелей аллокациясы жоқ.

5.7.13. Серіктестіктің тәуекел-тәбетін тәуекелдер бойынша бөлу тәуекелдердің әрқайсысының әсерін және тәуекелдерді ауыстыру құнын талдауға негізделеді, яғни тәуекелдерді ауыстыру құны неғұрлым қымбат болса, ұстап қалудың неғұрлым жоғары үлесі осындай тәуекел үшін жіберіледі.

5.7.14. Тәуекелдерді қаржыландыру (ауыстыру) мынадай құралдарды қамтиды:

1) сақтандыру («таза» тәуекелдер үшін – басталуы тек шығындарға алып келетін және кіріс алуға әкелмейтін тәуекелдер);

2) хеджирлеу («спекулятивті» тәуекелдер үшін – іске асырылуы шығындарға да, кірістерге де әкелуі мүмкін тәуекелдер);

3) келісімшарт бойынша тәуекелді ауыстыру (тәуекел үшін жауапкершілікті контрагентке қосымша сыйақы немесе келісімшарт құнын тиісінше ұлғайту арқылы ауыстыру);

4) шартты несиелік желі – белгілі бір оқиғалар басталған кезде келісілген шарттарда банктік қаржыландыруға қол жеткізу;

5) тәуекелдерді қаржыландырудың басқа балама әдістері.

5.7.15. Бұл құралдардың негізгі ерекше белгісі тәуекел үшін «төлемнің» болуы болып табылады, бұл тиісінше Серіктестіктің шығыстарын азайту мақсатында осы құралды оңтайлы пайдалануды талап етеді.

5.7.16. Тәуекелден кету/жалтару Серіктестік үшін ықтимал жағымсыз салдарларға алып келетін операцияларды жүзеге асыруды тоқтатуға немесе одан бас тартуға бағытталған іс-әрекеттерді қамтиды.

5.7.17. Ең қолайлы опцияны таңдау белгілі бір әдіске байланысты шығындармен, оны пайдалануға әкелетін артықшылықтармен және басқа тікелей және жанама шығындармен теңгерімдеуді ескере отырып жүргізіледі.

5.7.18. Тәуекелдерге ден қоюдың тиісті шаралары мен әдістерін қолдану сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарында сипатталады. Бұл жоспар қажетті әрекеттер мен жауапты орындаушылардың тізімін қамтиды.

5.8. Бақылау әрекеттері



5.8.1. Негізгі тәуекелдер мен тәуекелдерді басқару шараларын анықтағаннан кейін осы тәуекелдерге ұшырайтын негізгі бизнес-процестер анықталады. Тиісті бақылау іс-қимылдарын енгізу қажеттілігі мен орындылығын анықтау үшін бизнес-процестерге кезең-кезеңімен талдау жүргізіледі. Бұдан басқа, тәуекелдерді басқару бойынша жоспарланған іс-шараларға талдау жүргізіледі және осындай іс-шаралардың тиімді орындалуын қамтамасыз ету үшін қажетті бақылау іс-әрекеттері және (немесе) көрсеткіштері айқындалады. Көбінесе бақылау әрекеттері тәуекелдерді басқару әдісі болып табылады.

5.8.2. Бақылау әрекеттері – тәуекелдерді басқару жөніндегі шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге көмектесетін саясаттар мен рәсімдер. Бақылау әрекеттері Серіктестік ұйымдарының барлық деңгейлеріндегі бизнес-процестерге енгізілген. Бақылау әрекеттеріне мақұлдау, авторизациялау, тексеру, келісу, операцияларды талдау, активтердің қауіпсіздігі және міндеттерді бөлу сияқты шаралардың кең спектрін қамтиды.

5.8.3. Бизнес-процестерге талдау жүргізу және қосымша бақылау әрекеттерін енгізу қажеттілігі мен орындылығын анықтау, тәуекелдерді басқару шаралары бойынша бақылау іс-шаралары мен көрсеткіштерді әзірлеу үшін тәуекелдердің меншік иелері - Серіктестіктің тиісті құрылымдық бөлімшелерінің басшылары жауапты болады.

5.8.4. Серіктестікте тәуекелдерді басқару процесінің негізгі нәтижелері мен тұжырымдары тәуекелдер иелері-бөлімшелер және тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімше қалыптастыратын тәуекелдер мен оларға ден қою жөніндегі іс-шаралар бойынша тұрақты есептілік (жиынтық есеп) нысанында көрсетіледі.

5.8.5. Тәуекелдер жөніндегі тұрақты есептілік негізінде Серіктестікте ағымдағы тәуекелдерге және тәуекелдерге ден қою жөніндегі шаралардың орындалуына бақылау жүргізіледі.

5.9. Ақпарат және коммуникация

5.9.1. Тәуекелдерді басқару жүйесінің әрбір құрамдауышын іске асыру процесінде СБ-ҚП-7.4 талаптарына сәйкес Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері арасында ақпарат алмасу қамтамасыз етіледі.

Тәуекелдерді басқару жүйесі шеңберінде дайындалған барлық материалдар мен құжаттар өз ескертулері мен ұсыныстарын енгізетін мүдделі бөлімшелермен келісуден өтеді. Серіктестік БК-нің қарауына жылына кемінде бір рет: Серіктестіктің тәуекел-тәбеті жөніндегі ұсыныстар, негізгі тәуекелдерді талдау және тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспары ұсынылады.

5.9.2. Серіктестіктегі ақпарат пен коммуникация тәуекелдерді басқару процесіне қатысушыларды тәуекелдер туралы дұрыс және уақтылы ақпаратпен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді, тәуекелдер, тәуекелдерге ден қою жөніндегі әдістер мен құралдар туралы хабардар болу деңгейін арттырады. Тиісті ақпарат қызметкерлерге өз функцияларын тиімді орындауға мүмкіндік беретін нысанда және мерзімде анықталады, белгіленеді және беріледі.



5.9.3. Серіктестіктің құрылымдық бөлімшелері үнемі мониторинг жүргізеді және болған шығындар туралы ТББ-ға хабарлайды. Әрбір осындай жағдай бойынша залалдардың туындау себептеріне талдау жүргізіледі және болашақта осындай инциденттердің алдын алу бойынша шаралар (залалдарды тіркеу жүйесі) қабылданады.

5.9.4. Серіктестік бекітілген нормативтік құжаттарға сәйкес «Самұрық-Энерго» АҚ Басқармасы мен Директорлар кеңесін шоғырландыру және ақпараттандыру мақсатында тәуекелдер туралы ақпарат береді.

5.9.5. Серіктестік тәуекелдерді басқару жөніндегі ақпаратты серіктестерге, кредиторларға, сыртқы аудиторларға, рейтингтік агенттіктерге және басқа да мүдделі тараптарға (оның ішінде жылдық есептің құрамында) жеткізеді, бұл ретте ашылатын ақпараттың егжей-тегжейлі дәрежесінің Серіктестік қызметінің сипаты мен ауқымына сәйкестігін қамтамасыз етеді.

5.10. Тәуекелдерді басқару жүйесі тиімділігінің мониторингі

5.10.1. Серіктестікте тәуекелдерді басқару жүйесінің тиімділігіне мониторинг (басқарудың қолданыстағы әдістері мен тәуекелдерді бақылау құралдарын қоса алғанда) және қажеттілігіне қарай оны түрлендіру мен жетілдіру жүзеге асырылады.

Мониторинг тұрақты негізде жылына кемінде бір рет жүргізіледі.

5.10.2. Серіктестік өз тәуекелдеріне мониторингті Серіктестіктің БК белгілеген негізгі қағидаттарға, саясаттарға, қағидалар мен ережелерге сәйкес жүзеге асырады және бақылайды.

5.10.3. Тәуекелдерді басқару жүйесін бақылау бүкіл бизнес-процестің маңызды бөлігі болып табылады және осындай жүйенің болуын да, оның компоненттерінің орындалуын да бағалайды. Мониторинг саясаттың орындалуын, тәуекелдерді басқару жүйесінің рәсімдері мен іс-шараларын және мақсатты тексерулерді тұрақты түрде қадағалау арқылы жүзеге асырылады. Мақсатты тексерулердің ауқымы мен жиілігі тәуекелдерді бағалауға және тұрақты мониторингтің тиімділігіне байланысты.

Тәуекелдерді басқару жүйесіндегі кемшіліктер Серіктестік БК-нің және БД-ның назарына жеткізілуге тиіс.

5.10.4. Тәуекелдер мен тәуекел-факторлар мониторингінің басты құралдарының бірі негізгі тәуекел көрсеткіштері (бұдан әрі – НТК) болып табылады. НТК – бұл Серіктестікке қызметтің түрлі салаларындағы тәуекел-факторлардың өзгеруінің ерте белгілерін беретін индикаторлар. НТК әлеуетті тәуекелдерді анықтауға және тәуекел оқиғаларының туындауын болдырмау немесе олардың Серіктестік қызметіне әсерін барынша азайту үшін алдын ала шаралар қабылдауға мүмкіндік береді.

5.10.5. НТК-ны әзірлеу кем дегенде «төрт» және одан да көп әсер етуді бағалау тән тәуекелдер үшін жүргізілуге тиіс, бұл барлық сыни тәуекелдерді басқаруға мүмкіндік береді.



5.10.6. Тәуекелдер мониторингінің тиімділігін арттыру мақсатында екі тәсілді пайдалана отырып, НТК қолданылады:

1) тәуекел-факторлар негізінде НТК анықтау – әрбір негізгі тәуекел бойынша тәуекел-факторлар анықталады. Тәуекел-факторлары Серіктестікке қатысты сыртқы және ішкі болуы мүмкін. Тәуекел-факторлары өлшеу тұрғысынан талданады. Әрбір тәуекел-фактор бойынша тиісті өлшем бірліктері және көрсеткішті өлшеу жиілігі айқындалады, олар коэффициенттер, пайыздар, сандар және т.б. түрінде көрсетілуі мүмкін;

2) тәуекелдерді басқару жөніндегі алдын алу іс-шаралары негізінде НТК-ны анықтау – ТББ Серіктестіктің басқа құрылымдық бөлімшелерімен және/немесе Қоғамның тәуекелдерді басқаруға жауапты құрылымдық бөлімшесімен бірлесіп тәуекелдерді басқару жөніндегі әрбір алдын алу іс-шарасы үшін орындау деңгейінің өлшем бірлігін, көрсеткішті өлшеу жиілігін және есептеу үшін ақпарат көзін айқындайды. Алдын алу іс-шараларының негізінде әзірленген НТК пайыздық мәнде немесе алдын алу іс-шараларының нақты орындалуында көрсетілуі мүмкін.

5.10.7. НТК-нің шекті деңгейлерін айқындау объективті және субъективті тәсілдерді қолдана отырып жүзеге асырылады:

1) объективті тәсіл – Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңдарының, мемлекеттік қадағалау органдарының нормативтік-құқықтық актілерінің және Серіктестіктің ішкі талаптарының негізінде;

2) субъективті тәсіл – тиісті саланың сарапшылары болып табылатын құрылымдық бөлімшелерге (тәуекел иелеріне) сұрақ қою немесе сауалнама жүргізу негізінде. Сарапшылар қолда бар тәжірибе мен білім негізінде НТК-ға қатысты шекті деңгейді айқындайды.

5.10.8. Әзірленген НТК тәуекелдер тіркелімінде көрсетіледі және кезекті жылға тәуекелдер тіркелімін, тәуекелдер картасын және тәуекел-тәбетті шығарумен бір мезгілде бекітіледі. НТК бойынша ақпарат мыналарды қамтуы тиіс:

- 1) НТК атауы;
- 2) НТК-ны есептеу формуласы;
- 3) ақпарат көздері;
- 4) НТК-ны өлшеу бірлігі мен жиілігі;
- 5) тәуекелдің ықтимал іске асырылуы туралы белгі беретін НТК бағыты;
- 6) НТК-ның шекті деңгейі.

5.10.9. Серіктестіктің БК тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын бекіткеннен кейін, ТББ әрбір іс-шараның орындалу мерзіміне сәйкес іс-шаралардың орындалуын бақылауды жүзеге асырады.

5.10.10. Серіктестік «Самұрық-Энерго» АҚ-ға факторлар мен тәуекелдер кестесін, факторлар мен тәуекелдер кестесі бойынша есепті «Самұрық-Энерго» АҚ-ның корпоративтік орталығы мен еншілес және тәуелді ұйымдарының даму жоспарларын әзірлеу, келісу, бекіту, түзету, орындау және олардың орындалуына мониторинг жүргізу қағидаларында» белгіленген нысанда және мерзімде ұсынады.

5.10.11. ТББ «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС тәуекелдерді сәйкестендіру және



бағалау ережелерінің ба қосымшасына және 6б қосымшасына сәйкес құрылымдық бөлімшелерден (тәуекелдер иелерінен) ұсынылған есептер негізінде тәуекелдерді басқару мақсатында жоспарланған іс-шараларды орындау бойынша шоғырландырылған есепті және негізгі тәуекелдерді талдауды (орын алған тәуекел мен шығын мөлшері туралы ақпарат) қалыптастырады және тоқсанның соңғы айынан кейінгі айдың 25-күніне дейін бас директорға бекітуге ұсынады.

5.10.12. БД Тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелерінде (10-қосымша) белгіленген есептің нысанына сәйкес тәуекелдер бойынша есепті тоқсаннан кейінгі екінші айдың 10-күнінен кешіктірмей Серіктестік БК-нің қарауына ұсынады.

5.10.13. Серіктестіктің БК-ға ұсынылатын тәуекелдерді басқару туралы есепте қоса алғанда, бірақ онымен шектелмей, мынадай ақпарат болуға тиіс:

- 1) болжамды жылға Тәуекелдер тіркелімі, картасы және сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі жоспар (жылына бір рет);
- 2) сыни тәуекелдерді басқару жөніндегі іс-шаралар жоспарын іске асыру туралы ақпарат;
- 3) тәуекелдер портфеліне елеулі әсер етуі мүмкін негізгі тәуекел көрсеткіштері туралы ақпарат;
- 4) болжамды жылға тәуекел-тәбет (жылына бір рет);
- 5) бақылауды жақсарту туралы ақпарат (жылына бір рет);
- 6) сыни тәуекелдер картасындағы өзгерістер туралы ақпарат;
- 7) іске асырылған тәуекелдер бойынша ақпарат;
- 8) тәуекелдерді басқарудың белгіленген процестерінен елеулі ауытқулар туралы ақпарат (болған жағдайда);
- 9) тәуекелдер бойынша лимиттердің сақталмауы туралы ақпарат (болған жағдайда);
- 10) қаржы тәуекелдері бойынша есеп, Қаржы тәуекелдерінің жекелеген түрлерін басқару ережелеріне сәйкес қаржы тәуекелдері (валюталық, пайыздық, елдік, корпоративтік контрагенттер бойынша несиелік тәуекел, контрагент-банктер бойынша несиелік тәуекел);
- 11) тәуекелдер, оның ішінде контрагент-банктерге арналған лимиттер бойынша лимиттердің сақталуы/сақталмауы туралы ақпарат;
- 12) «Самұрық-Қазына» АҚ-ның борышты және қаржылық орнықтылықты басқару саясатына сәйкес борыштық жүктеме және ковенанттық міндеттемелердің орындалуы туралы ақпаратты қамтитын қаржылық орнықтылық жөніндегі есеп;
- 13) тәуекелдер портфеліне елеулі әсер етуі мүмкін НТК қоса алғанда, негізгі тәуекелдер бойынша НТК және олардың динамикасы;
- 14) тәуекелдерді басқару саласындағы реттеушілік талаптарды сақтау туралы ақпарат (олар болған кезде);
- 15) «Самұрық-Қазына» АҚ мен ұлттық даму институттарында, ұлттық компанияларда сақтандыру қорғанысын ұйымдастыру жөніндегі саясаттың талаптарына сәйкес сақтандыру бойынша ақпарат;
- 16) ІАҚ-ның ұсынымдарына сәйкес тәуекелдерді басқару жүйелерін жетілдіру мақсатында жүргізілетін іс-шаралар (болған жағдайда).



5.10.14. Тәуекелдерді басқару жүйесінің ішкі аудиті және тәуекелдерді басқару және ішкі бақылау жүйесіндегі кемшіліктерді жою жөніндегі жоспарлардың орындалуын тексеру Қоғамның ішкі аудит қызметінің Жылдық аудиторлық жоспарына сәйкес жүргізіледі.

6. Нормативтік сілтемелер

- 6.1. «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің жарғысы.
- 6.2. «Самұрық-Энерго» АҚ-ның тәуекелдерді басқару саясаты.
- 6.3. СБ-ҚП-7.5-01 Құжаттаманы басқару процесі.
- 6.4. СБ-ҚП-7.4 Ішкі байланысты басқару процесі.
- 6.5. СБ-ҚП-8.1-01 Жоспарлауды басқару процесі.
- 6.6. СБ-СКДБ-ЕР-02 «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің тәуекелдерді сәйкестендіру және бағалау ережелері.

7. Өзгертулер

7.1. Осы Тәуекелдерді басқару саясатына өзгерістер Серіктестіктің сапа менеджменті жүйесі бойынша басшылық өкілінің жазбаша рұқсатымен ғана енгізіледі.


7.2. Өзгерістерді енгізу тәртібі СБ-ҚП-7.5-01-де көрсетілген.

8. Қосымшалар

- 8.1. «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да тәуекелдерді басқару жүйесінің құрылымы – 1-қосымша.
- 8.2. «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің тәуекел-тәбеті туралы өтініш – 2-қосымша.
- 8.3. Өзгертулерді тіркеу парағы – 3-қосымша.
- 8.3. Келісу парағы – 4-қосымша.
- 8.4. Таныстыру парағы – 5-қосымша.



**«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да тәуекелдерді басқару жүйесінің
құрылымы**





Сапа менеджменті жүйесі
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да
тәуекелдерді басқару саясаты

Саясат

31 б. 26
0 өзгерту күні

Саясатқа
2-қосымша

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің Байқау кеңесімен
бекітілді
201_ жылғы №_ хаттама

«АЛМАТЫЭНЕРГОСБЫТ» ЖШС-нің 20_ жылға арналған тәуекел-тәбеті туралы өтініші

Тәуекел-тәбет – бұл «АлматыЭнергоСбыт» ЖШС (бұдан әрі – Серіктестік) өз мақсаттарына қол жеткізу процесінде өзі үшін қолайлы деп есептейтін сапалық және сандық көрсеткіш түріндегі тәуекел дәрежесі.


Осы өтініш Серіктестіктің тәуекел-тәбеті бойынша (бұдан әрі – ТТ) Тәуекелдерді басқару саясатын көрсетеді. Серіктестіктің барлық бөлімшелері өз қызметінде белгіленген ТТ деңгейін басшылыққа алуға тиіс.

1. Инвестициялық қызмет бойынша тәуекел-тәбет:

	Параметрлер/көрсеткіштер	20_ жылға шектеулер
1	Контрагент-банктің орнықтылығына қойылатын ең төменгі талап	«Самұрық-Қазына» АҚ-ның Контрагент-банктеріне арналған баланстық және баланстан тыс міндеттемелер бойынша лимиттерді белгілеу ережелеріне сәйкес белгіленетін лимиттерді бұзбау жол берілмейді.

2. Қаржылық қызмет бойынша тәуекел-тәбет:

	Параметрлер	20_ жылға шектеулер
1	Қоғамның борыштық жүктемесіне арналған лимиттер	Серіктестіктің кредиторлары белгілеген ковенанттарды бұзбау.
2	Ағымдағы өтімділік коэффициенті	Қысқа мерзімді активтер мен қысқа мерзімді міндеттемелердің арақатынасы ретінде есептелетін кемінде 1-ді құрауы тиіс ағымдағы өтімділік коэффициентін бұзбау.



Сапа менеджменті жүйесі.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да
тәуекелдерді басқару саясаты

Саясат

31 б. 27

0 өзгерту күні

Саясатқа
2-қосымшаның жалғасы

3. Операциялық қызмет бойынша тәуекел-тәбет:

Параметрлер/көрсеткіштер		20 жылға шектеулер
1	Операциялық тиімділік	20 жылғы іске асырылған тәуекелдерден келтірілген залал/шығын _____ мың теңге мөлшеріндегі сандық тәуекел-тәбеттен (инвестициялық жобаларға салымдардың құнсыздануынан болған шығындарды қоспағанда) аспауы тиіс.
		20 ж. арналған болжамды шоғырландырылған EBITDA-ны 10%-дан астамға төмендетуге жол берілмейді.
2	Жазатайым оқиғалар мен ереуілдер	Өндірістегі жазатайым оқиғалар және Серіктестік персоналының ереуілдері қолайсыз.
3	Өндірістегі авариялар мен апаттардың саны	Өндірістегі авариялар мен апаттар санының өткен жылғы кезеңдегі өндірістегі авариялар мен апаттар санынан асып кетуіне жол берілмейді.



Сапа менеджменті жүйесі.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да
тәуекелдерді басқару саясаты

Саясат
31.6.28
0 өзгерту күні

Саясатқа
2-қосымшаның соңы

«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-нің 20__ жылға
арналған тәуекел-тәбеті туралы өтініміне
қосымша

20__ жылға арналған сандық тәуекел-тәбетті есептеу

Қор Басқармасының 20__ жылғы __ мамырдағы шешімімен (№__ хаттама) бекітілген Борыш/EBITDA коэффициентінің нысаналы мәні __ құрайды. Серіктестік бойынша 20__ жылғы Борыш/EBITDA коэффициентінің бағалау мәні __ құрайды. Осылайша, Серіктестікте қарыз алудың бос сыйымдылығы жоқ, осыған байланысты Серіктестіктің 20__ жылғы EBITDA көрсеткішінен 15% үлес негізінде сандық тәуекел-тәбетті есептеу ұсынылады (бұл көрсеткіш «Самұрық-Энерго» АҚ-мен келісім бойынша өзгеруі мүмкін). Бұл әдіс, сондай-ақ болжамды шоғырландырылған EBITDA-ның Қор белгілеген 10%-дан астамға барынша төмендеуін шектеумен корреляциялайды.


Осылайша, 20__ жылға арналған тәуекел-тәбетті есептеу:

Көрсеткіштердің атауы	Өлшем бірлігі	2019 жылға тәуекел-тәбетті есептеу үшін	Есептеу тәртібі
1	2	3	4
Серіктестіктің EBITDA (2019 жылғы баға)	мың теңге		(1)
Тәуекел-тәбетті есептеу үшін қолданылатын пайыздық үлес	%	15	(2)
Тәуекел-тәбет (қолайлы қаржылық шығындар деңгейі)	мың теңге		(3)=(1)*(2)

Серіктестіктің 20__ жылға арналған сандық тәуекел-тәбеті _____ мың теңгені құрайды.

20__ жылға арналған тәуекелдердің әсерін бағалау шкаласы:

Балл	Мәні	Тәуекелдің басталуынан болатын ықтимал шығын тәуекел-тәбетінен % түрінде	Тәуекелдің басталуынан болатын ықтимал шығын
1	2	3	4
1	Елеусіз	Тәуекел-тәбетінің деңгейінен 25%-дан төмен	_____ мың теңгеге дейін
2	Елеулі	Тәуекел-тәбетінің деңгейінен 25-50%	_____ мың теңгеден _____ мың теңгеге дейін
3	Ірі	Тәуекел-тәбетінің деңгейінен 50-75%	_____ мың теңгеден _____ мың теңгеге дейін
4	Сыни	Тәуекел-тәбетінің деңгейінен тәуекел-тәбетінің мәніне дейін 75%-нан	_____ мың теңгеден _____ мың теңгеге дейін
5	Апатты	Тәуекел-тәбет деңгейінен жоғары	_____ мың теңгеден астам



Саясат
31 б. 29
0 өзгөртү күні

Саясатка
3-қосымша

Өзгертулерді тіркеу парағы

[illegible]




Сапа менеджменті жүйесі.
«АлматыЭнергоСбыт» ЖШС-да
тәуекелдерді басқару саясаты

Саясат
31.6.30
0 өзгерту күні

Саясатқа
4-қосымша

Келісу парағы

№ р/б	Лауазымның атауы	Аты-жөні, тегі	Қолы	Күні	Ескерту
1	2	3	4	5	6
1	БДЭО	М. Бектемирова			
2	БДЖО	О. Антонова			
3	ҚД директоры	Р. Килибаев			
4	СМЖҚ бастығы	Ю. Азизова			



Саясат
31 б. 31
0 өзгөртү күні

Саясатқа
5-қосымша

Таныстыру парағы

[illegible]